

ХАТТАМА

№1 әдістемелік кеңес жиналысы

Өткізілген күні: 2025 ж. қыркүйек айы

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, педагогтер

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттерді нақтылау
2. Оқу бағдарламасындағы өзгерістермен таныстыру
- 3. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдарын айқындау, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іс-шараларда интеграциялау

Тындалды:

Әдіскер Мұхит Жансая 2025–2026 оқу жылындағы әдістемелік қызметтің негізгі бағыттарын таныстырды.

Жаңа оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер нақтыланды.

Үлгілік оқу жоспары мен бағдарламадағы өзгерістер түсіндірілді.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдары қарастырылды.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын барлық іс-шараларда интеграциялау қажеттілігі айтылды.

Бірінші мәселе бойынша-Әдіскер Мұхит Жансая ЖШС «Samira» бөбекжай-балабақшасының міндетімен таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша Әдіскер Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде жұмыстың мынадай бағыттары өзектендірілді:

МДҰ мен жалпы білім беретін мектептерде, лицейлер мен гимназияларда мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;

тәрбие мен оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;

«Жасыл балабақша» жобасы экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;

«Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану;

«Құзыреттілік орталықтарының» жұмысын жетілдіру арқылы ауылдық және жеке мектепке дейінгі ұйымдарды дамыту;

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі мобильді топтарды дамыту;

«Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру деп жеке жеке тоқталып өтті.

Үшінші мәселе бойынша Меңгеруші Мухамбетова З.Б - 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік қызметтің басым бағыттары балабақшадағы тәрбие-білім беру процесінің мазмұнын жетілдіруге бағытталды. Жаңа оқу жылының басты мақсаты – балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының қағидаларын оқу-тәрбие іс-әрекеттеріне кіріктіру болып табылады деді.

Жиналыста педагогтер оқу бағдарламасындағы өзгерістермен танысып, жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдану жолдарын талқылады. Сонымен қатар, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда әділдікке, еңбекқорлыққа, бірлік пен ынтымаққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу міндеті қойылды. «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыру әрбір іс-шарада көрініс табуы тиіс: ойындарда, мерекелерде, экологиялық, ұлттық, спорттық бағыттағы жұмыстарда балаларға құндылықтарды тәжірибе арқылы үйрету көзделді. Әдіскер жыл бойы педагогтердің жұмысын бақылап, қолдау көрсетіп, ай сайын талдау жүргізуді міндетіне алды. Бұл бағыттағы жұмыстар балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға және болашаққа адал, әділетті, елін сүйетін азамат тәрбиелеуге ықпал ететін болады деді.

Шешім:

1. Педагогтерді жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттермен толық таныстырылсын
2. Оқу бағдарламасындағы өзгерістерді іс жүзінде қолдануды қамтамасыз етілсін.
3. «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын (әділдік, еңбекқорлық, бірлік, отансүйгіштік) оқу-тәрбие процесінде міндетті түрде пайдаланылсын..
4. Оқу жылы бойы атқарылған жұмыстар бойынша ай сайын мониторинг жүргізілсін.

Әдіскер:		Мұхит Жансая
Хатшы:		Тасақожина А.А

ЖШС «Samira» бөбекжай-балабақшасы **Әдістемелік отырыс хаттамасы №2**

Күні: 14 қазан 2025 ж.

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Қатысқандар: Тәрбиешілер, әдіскер, логопед, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы.

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл дамыту және сауат ашу жұмысын жетілдіру жолдарын айқындау.
2. Тілдік ортаны қалыптастыру ерекшеліктерін қарастыру.
3. Дыбыспен жұмыс, сөздік қорды байыту әдістерін талдау.

1-мәселе бойынша Мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл дамыту және сауат ашу жұмысын жетілдіру жолдарын айқындау

Әдіскер Мұхит Жансая сөз сөйледі. Ол мектепке дейінгі кезең – тілдің қарқынды дамитын ерекше шақ екенін атап өтті. Балалардың дыбыстық мәдениеті, сөздік қоры, байланыстырып сөйлеу қабілеті дәл осы жаста қалыптасады. Осыған байланысты әрбір тәрбиеші күнделікті іс-әрекет барысында тіл дамытуға ерекше назар аударуы тиіс. Тәрбиешілердің тәжірибесінде әңгімелесу, көркем әдебиет оқу, тақпақ жаттату, дидактикалық ойындар ұйымдастыру, ертегіні сахналау сияқты әдістер жиі қолданылатыны атап өтілді. Сонымен бірге, баланың қызығушылығына сүйене отырып, сурет, ойыншық, табиғи материалдар арқылы сөздік қорды байыту тиімді екендігі айтылды.

2-мәселе бойынша әдіскер Мұхит Жансая Тілдік ортаны қалыптастыру туралы айтты. Тілдік ортаны қалыптастыруда педагогтің сөйлеу мәдениеті басты рөл атқарады. Балабақшадағы күнделікті қарым-қатынас кезінде тәрбиеші балаларға дұрыс үлгі көрсетуі керек. Әрбір сұрақты анық әрі түсінікті қою, баланың жауабын тыңдап, оны толықтыруға мүмкіндік беру маңызды деді.

Логопед сөз алды. Ол дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуде артикуляциялық жаттығуларды жүйелі қолданудың қажеттілігін атап өтті. Мысалы: «Жылан», «Ат шапты», «Қоян» жаттығулары балалардың сөйлеу аппаратының қозғалысын дамытады. Бұл балалардың тілі мен сөйлеу дағдыларын жетілдіруге оң әсер береді деді.

Музыка жетекшісі де өз тәжірибесімен бөлісті. Өн айту кезінде дыбыстардың анық айтылуы, сөздердің дұрыс бөлінуі, интонацияның мәнерлілігі балалардың тілін дамытуға қосымша ықпал ететініне тоқталды.

3-мәселе бойынша Дыбыспен жұмыс, сөздік қорды байыту әдістері туралы тәрбиеші Ерлеспесова Диана сөз алды. «Балалардың тілін дамытуда әрбір күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мен ойынның орны ерекше. Әсіресе дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуде жаттығуларды ойын түрінде өткізу баланың қызығушылығын арттырады. Мысалы, «Сикырлы қапшық»

ойынында балалар қапшықтан затты алып, оның атауын дұрыс айтуға тырысады. Бұл ойын сөздік қорды байытуға, ойды жинақтап айтуға көмектеседі деді.

Сондай-ақ, «Дыбысты тап» ойынында біз белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді іздейміз. Мәселен, «с» дыбысынан басталатын «самаурын», «сәбіз», «сурет» сияқты сөздерді балалар өздері табады. Бұл жаттығулар дыбыстарды анық айтуға, есте сақтауға септігін тигізеді деп, суреттер бойынша әңгіме құрату әдісі – балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытатын ең тиімді жолдардың бірі. Суретке қарап, бала өз ойымен бөліседі, заттардың түсін, көлемін, пішінін сипаттайды. Осы арқылы балалар сөйлем құрап үйренеді деді.

Мен өз тәжірибемде қазақ халқының мақал-мәтелдері мен жаңылтпаштарын да жиі қолданамын. Олар әрі қызықты, әрі баланың ойлауын, тілін дамытады. Мысалы, «Сыр сандық» ойыны арқылы балалар мақал-мәтелді тыңдап, мағынасын түсіндіреді деді

Әдіскер қорытынды сөзінде әр тәрбиеші оқу іс-әрекетін ойынмен ұштастыруы қажет екенін атап өтті. Баланың назарын ұзақ уақытқа ұстап тұру қиын болғандықтан, тапсырмалар қысқа әрі қызықты болуы тиіс. Сонымен бірге, ата-аналармен бірлесіп жұмыс жүргізу – тіл дамытудың нәтижесін күшейтеді.

Шешім:

1. Барлық тәрбиешілер тіл дамытуға бағытталған инновациялық әдіс-тәсілдерді (ойын технологиясы, көрнекілік, мультимедиа құралдары) қолдансын.
2. Логопедпен бірлесе отырып, дыбыстық мәдениетті қалыптастыруға арналған жаттығуларды күнделікті қолдану ұсынылсын.
3. Балалардың сөздік қорын байыту үшін «Сөздік күнделігін» енгізу, әр аптада жаңа сөздермен жұмыс жүргізу.
4. Әдіскер ай сайын тіл дамыту жұмыстарының нәтижесін бақылап, талдау жасап отырсын.
5. Ата-аналарға үй жағдайында баламен әңгімелесу, кітап оқу, тақпақ жаттату бойынша әдістемелік кеңестер беру.

Әдіскер:

Мұхит Жансая

Хатшы:

Тасақожина А.А

ЖШС «Samira» балабақшасы

Хаттама №3 «Қысқы кезеңдегі оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру»

әдістемелік отырысы

Күн тәртібі:

1. Қыс мезгілінде қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау.
2. Қимылды ойындар мен серуен түрлерін талдау.
3. Тәуелсіздік пен отаншылдық айының маңызы, бала бойында отанға сүйіспеншілікті орнату мен педагог құндылығы байланысы.

Отырыстың барысы:

1-Мәселе бойынша : Қыс мезгілінде қауіпсіздік пен денсаулықты сақтау: Отырыс барысында тәрбиешілерге балаларды қыс мезгілінде киіндіру, жылы ұстау, серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелері, сырғанаудан, суық тиюден қорғау шаралары кеңінен түсіндірілді. Медбике тарапынан қысқы инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша арнайы ұсыныстар айтылып, тұмау, ЖРВИ, ангина сияқты маусымдық аурулардың симптомдары мен алдын алу жолдары егжей-тегжейлі баяндалды. Балалардың таза ауада серуендеуі мен бір уақыттағы белсенділігі олардың иммунитетін нығайтуда шешуші рөл атқаратыны айтылды. Әр топта күнделікті денсаулық мониторингі жүргізіліп, балалардың денсаулық көрсеткіштері тіркеліп отыруы керектігі айтылды.

2-Мәселе бойынша : Қимылды ойындар мен серуен түрлерін талдау: Қысқы мезгілдің ерекшеліктеріне сай балалардың физикалық белсенділігін арттыру мақсатында ашық ауада ойналатын ұлттық және қимыл-ритмдік ойындардың түрлері қарастырылды. «Аққала құрастыру», «Қармен жарыс», «Шанамен сырғанау» секілді ойындар мысалға алынды. Тәрбиешілер қысқы ойындар кезінде қолданылатын құрал-жабдықтардың қауіпсіздігі мен жас ерекшеліктеріне сәйкестігіне мән беруі қажеттігі айтылды. Сонымен қатар, педагогтардың серуен уақытында балалардың эмоциялық көңіл күйін бақылап, оларға жағымды ахуал қалыптастыру жолдарын қолдануы ұсынылды. Серуен барысында экологиялық тәрбие элементтерін (қар тазалау, табиғатты бақылау) енгізу ұсынылды.

3-Мәселе бойынша: Тәуелсіздік пен отаншылдық айының маңызы: Желтоқсан айы – Тәуелсіздік мерекесімен ерекшеленетін маңызды кезең. Осыған байланысты, тәрбиешілерге бала бойында отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізудің маңызы айтылды. Әр топта Қазақстан Республикасының рәміздеріне қатысты әңгімелер, өлеңдер жаттату, батырлар туралы аңыз-әңгімелер айту, мерекелік шаралар өткізу ұсынылды. Педагогикалық процесте ұлттық құндылықтар


мен тарихи оқиғаларды түсінікті әрі әсерлі жолмен беру арқылы баланың танымдық, патриоттық және эмоциялық салаларын дамыту көзделді. Педагогтың өзі – отансүйгіш тұлға болуы тиіс, сол арқылы тәрбиелеу процесінде үлгі болу қажет.

Сонымен қатар, тәрбиешілер өзара тәжірибе алмасып, қысқы кезеңде кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдары бойынша пікірлерімен бөлісті. Отырыс барысында қолданылатын тиімді әдістемелік тәсілдер мен құралдар, жанартылған білім беру мазмұны аясындағы интеграцияланған сабақтар туралы да талқылау болды.

Қорытынды бөлімде мектепке дейінгі мекемеде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы тәрбиеші рөлінің маңызы, оның кәсіби біліктілігін арттыру жолдары қарастырылып, үздік педагогикалық тәжірибе негізінде ұсыныстар жинақталды.

Шешім:

1. Қыс мезгіліндегі серуен кезінде қауіпсіздік шаралары қатаң сақталсын.
2. Қимылды ойындар мен денсаулық сақтау шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылып, әдістемелік нұсқаулықтармен сәйкестендірілсін. Белсенділікке ықпал ететін әдістер көбейтілсін.
3. Тәуелсіздік мерекесіне орай әр топта патриоттық бағыттағы іс-шаралар жоспары әзірленсін. Мерекелік қойылымдарға балаларды кеңінен қатыстырып, отансүйгіштік сезімді дамыту мақсатты түрде жүзеге асырылсын.
4. Әр тәрбиеші қысқы кезеңге арналған жеке іс-әрекет жоспарын жасап, меңгерушіге бекітуге ұсынсын.
5. Балалардың денсаулығын сақтау мақсатында медициналық қызметкермен тығыз байланыста жұмыс жүргізілсін.

Әдіскер:		Мұхит Жансая
Хатшы:		Тасақожина А.А

ЖШС «Samira» балабақшасы
Хаттама №5 – Әдістемелік кеңес отырысы

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар

Тақырыбы: Жылдық оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау. Педагогтердің кәсіби дамуындағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындау

Күн тәртібі:

1. Әдістемелік жұмыстың нәтижесін саралау.
2. Педагогтердің кәсіби жетістіктері мен қиындықтарын талдау.
3. Педагогтердің рефлексиясы.
4. Жаңа оқу жылына ұсыныстар енгізу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Мұхит Жансая - жыл бойы жүргізілген әдістемелік жұмыстарға кеңінен тоқталды. Ол педагогтердің оқу іс-әрекеттерінде қолданған әдіс-тәсілдерінің тиімділігіне талдау жасап, ашық сабақтар, семинарлар, коучингтер мен тәжірибе алмасу жұмыстарының нәтижесін атап өтті. Балалардың білім салалары бойынша даму көрсеткіштері сараланып, әсіресе тіл дамыту, танымдық және әлеуметтік-коммуникативтік бағыттарда оң нәтижелер бар екені айтылды. Сонымен қатар кейбір топтарда балалардың сөздік қорының жеткіліксіздігі, байланыстырып сөйлеу дағдыларының баяу қалыптасуы сияқты мәселелер де анықталғаны нақты мысалдармен көрсетілді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер өздерінің кәсіби жетістіктері мен кездескен қиындықтарын ашық түрде баяндады. Кейбір педагогтер балалармен жұмыс барысында ойын технологияларын тиімді қолдану арқылы жақсы нәтижеге қол жеткізгенін айтты. Балалардың қызығушылығының артуы, сабаққа белсенді қатысуы, шығармашылық қабілеттерінің дамуы атап өтілді. Сонымен қатар қиындықтар да жасырылмай айтылды: кейбір балалардың тәртіп сақтау деңгейінің төмендігі, ата-аналардың жеткілікті деңгейде қатыспауы, жеке жұмыс жүргізуді қажет ететін балалар санының артуы сияқты мәселелер көтерілді.

Үшінші мәселе – педагогтердің рефлексиясы барысында әр педагог өз жұмысына талдау жасап, жетістіктері мен кемшіліктерін саралады. Педагогтер өздерінің кәсіби өсуіне әсер еткен факторларды атап өтті. Атап айтқанда, біліктілік арттыру курстарына қатысу, әріптестермен тәжірибе алмасу, жаңа әдістерді қолдану нәтижесінде кәсіби деңгейдің артқаны байқалды. Сонымен қатар кейбір педагогтер өздеріне сенімсіздік, уақытты тиімді жоспарлай алмау, жаңа технологияларды толық меңгермеу сияқты қиындықтарды атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша жаңа оқу жылына нақты ұсыныстар енгізілді. Әдіскер тарапынан оқу-тәрбие процесін жетілдіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізу қажеттігі


айтылды. Балалардың тілдік құзыреттілігін дамытуға ерекше назар аудару, ойын технологияларын кеңінен қолдану, әр баламен жеке жұмыс жүргізу ұсынылды. Сонымен қатар ата-аналармен байланысты күшейту, бірлескен іс-шараларды көбейту, педагогтердің кәсіби дамуын қолдау мақсатында семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру қажеттілігі атап өтілді. Өдістемелік кеңес отырысы барысында жылдық оқу-тәрбие жұмысы жан-жақты талданып, педагогтердің кәсіби дамуындағы жетістіктері мен қиындықтары нақты айқындалды. Талқылау нәтижесінде оқу процесін жетілдіруге бағытталған нақты шешімдер қабылданды. Бұл алдағы оқу жылында білім беру сапасын арттыруға негіз болады.

Қаралған нақты мәселелер:

- Балалардың білім салалары бойынша меңгеру деңгейіндегі айырмашылықтар;
- Тіл дамыту жұмыстарының жеткіліксіз жүргізілуі;
- Кейбір топтарда тәртіп пен ұйымшылдықтың төмендігі;
- Ата-аналармен кері байланыстың әлсіздігі;
- Педагогтердің жаңа технологияларды қолданудағы қиындықтары;
- Жеке қолдауды қажет ететін балалармен жұмыстың жеткіліксіздігі.

Шешім:

1. Өдістемелік жұмыстың нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын, анықталған кемшіліктер бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін.
2. Балалардың тілдік дамуын арттыру мақсатында күнделікті жоспарға қосымша тіл дамыту жаттығулары енгізілсін.
3. Әр педагог өз тобындағы балалардың даму деңгейіне сәйкес жеке жұмыс жоспарын жасасын.
4. Ата-аналармен байланысты нығайту мақсатында ай сайын бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылсын.
5. Педагогтердің кәсіби дамуын арттыру үшін семинар, коучинг, тәжірибе алмасу жұмыстары жалғастырылсын.
6. Жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспар осы ұсыныстар негізінде қайта қаралып, толықтырылсын.

Әдіскер:		Мұхит Жансая
Хатшы:		Тасақожина А.А